

# БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ

# ЖОСПАРЫ

- Ерте ортағасырлардағы Баласағұн қаласы
- Жаңа дәуірдегі Баласағұн тарихының зерттелуі
- Кеңес өкіметі жылдарындағы Баласағұнның зерттелуі
- Баласағұн қаласының орнын анықтау жолындағы тарихшы-ғалымдардың зерттеулері

# ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Адамзат тарихы тіптіде біркелкі зерттелмеген. Европа мен Таяу Шығыстағы оқиғалар мен қоғамдық формациялар алмасуының жүйелілігі көпке түсінікті жинама еңбектерде, тіпті ХІХ ғ. Соңғы кезінде баяндалып, Үндістан мен Қытай ХХ ғ. Бас кезінде сипатталған болса Евразия даласының ұланғайыр жері әлі толық зерттелмеген. Бұл әсіресе Евразия аумағында қала мәдениетімен тығыз байланысты. Батыс Европалық ғалымдар арасында көшпенділердің отырықшы мәдениеті болмаған, жазу-сызуы жоқ олар тек қиратушы, адамзаттың арамтамағы деген теріс пікір қалыптасқан. Бұл көзқарас тарих ғылымында Евроцентризм деп аталады. Бірақ соңғы уақыттардағы археологиялық зерттеулер бұл пікірді жылма-жыл жоққа шығарып келеді. Археологиялық зерттеулер нәтижесі Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы, Ұлы Жібек жолында орналасқан көптеген ірі қалалардың орнын ашты. Сондай ерте орта ғасырлық қалалардың бірі Баласағұн қаласы. Бірақ бұл қала төңіріндегі қалыптасқан пікірлер мен көзқарастар ғылыми тұрғыда терең зерделеуді, жан-жақты дәлелденген қорытындылар мен байыпты ғылыми тұжырымдар жасауды талап етеді

# ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫ

**Баласағұн** Қарахан мемлекетінің астаналарының бірі болған ортағасырлық қала атауы. Жазба деректерде 10 ғасырдан бастап белгілі. әл-Мақдисидің мәлімдеуінше, ол «игілікке бай, үлкен қала» болған. Ал Мақмұт Қашқари Баласағұнның Күз--Ұлыс немесе Күз-Орда деген басқа аттары болғанын хабарлайды. Зерттеушілердің пікірінше: 1) Баласағұн алғашқыда (8 ғасыр) түрікше Беклік (Бекелік – бекініс), соғдыша Семекне деп аталған. Баласағұн тұрғындары түркі және соғды тілінде сөйлеген. Қала 1210 жылы Мұхаммед Хорезмшаһты жеңген қарақытайлықтардың қол астына қарайды. 1218 жылы Шыңғыс хан әскерлеріне қарсылықсыз беріліп, Ғабалық («Жақсы қала»)деп аталады.


Шығыстанушылар: В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам М.Тынышбаев Баласағұнның дәл орнын анықтауға күш салды. Соңғы кезде Баласағұн орны туралы ғылымда бірнеше пікір қалыптасты. 2) Мұхаммед Хайдар Дулатидің кітабында (16 ғасырдың 1-жартысы) Джу елінде күмбезі мен мұнарасы ғана қалған, қираған қала орны бар, оны жергілікті халық «Борана» деп атайды делінген. Автор осы жерде құдай жолын қуған имам Мұхаммед Фатих Баласағұнидің қабірі бар екендігі жайлы да хабарлайды. Бұл дерек Баласағұнның орны осы Борана емес пе деген ой тудырады. Борана–Шу өңіріндегі ең үлкен ескерткіштердің бірі. Тоқмақ қаласынан оңтүстікке қарай 15 км жерде. Оны 1978–1983 жылы В.Д.Горячева зерттеген. Қала айналасы төртбұрышты қорғаныс дуалмен қоршалған. Солтүстік және батыс қабырғаларының ұзындығы 570 м, оңтүстік жағы 600 м, ал шығыс жағы 500 м. 3) 1974 жылдан ҚазМУ археологтары (жетекшісі У. Шәлекенов) зерттеп жатқан Шу өңіріндегі Ақтөбе деп аталатын көне қала Баласағұнның орны деген пікір де қалыптасты. Ұсынылып отырған осы қалалардың қайсысы да 5–13 ғасырларда дамыған өркениет орталығы болған.



# ЖАҢА ДӘУІРДЕГІ БАЛАСАҒҰН ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

- В.В. Бартольд «Баласағұн – Орта Азиядағы қала, оның қай жерде орналасқаны анықталмай келе жатыр» Талас өңіріндегі ескерткіштермен танысып жүргенде аяғы сынып, Ташкентке қайтуға тура келген.
- Мырза Мухаммед Хайдар, өзінің белгілі «Тарих-и-Рашиди» деген еңбегінде: «Қарақытайлықтар келгенге дейін Баласағұн Афрасиабтың ұрпақтарының қол астында болған.

# БАЛАСАҒҰНДЫ ЗЕРТТЕГЕН ҒАЛЫМДАР



## КЕҢЕС ӨКІМЕТІ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БАЛАСАҒҰННЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Археологиялық зерттеулердің барысында Ақбешімде қолға түскен деректерге негіздеп, Ақбешімді Баласағұн деп жариялап жіберген.

Шығыстанушылардың ғасырлар бойы таба алмай жүрген Баласағұнды таптым деп, А.Н. Бернштам да тарихта «сенсация» жасаған. Осы пікір бойынша, тарихи карталарда, әдебиеттерде Ақбешімнің орнын Баласағұн қаласы деп көрсетіп келе жатыр. Ғылымға «жаңалық» енгіземін деп, А.Н. Бернштам тарих ғылымына дезинформация (жалған пікір) әкелген.



# БАЛАСАҒҰН ҚАЛАСЫНЫҢ ОРНЫН АНЫҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Кейінгі жылдары іске асып жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы егеменді еліміздің әлеуметтік-мәдени өміріне үлкен жаңалықтар алып келді. Солардың бірі белгілі тарихшы, археолог және этнолог ғалым Шәлекенов Уахит Хамзаұлының монографиялық еңбегінің жарық көруі. Профессор У.Шәлекенов өзінің монографиясында тарихи деректерге, атап айтқанда, 30 жыл бойы жинақталған құнды археологиялық жәдігерлерге сүйеніп, ортағасырлық тарихи қала–Баласағұнның тұрған жерін анықтап, оның ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени орталығы болғанын дәлелдеп берген.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!